

«А.Иманов атындағы жалпы орта білім беретін лицей-мектеп» ММ
Қамқоршылық кеңес хаттамасы № 1

Күн тәртібінде:

1. 2019-2020 оқу жылына Қамқоршылық кеңес жоспарын бекіту
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру
3. «Мектепке жол» акциясын өткізу туралы

Сөйлеген: Кеңес төрайымы: С.Макина

2019-2020 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің жоспарын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен таныстыру және жаңа оқу жылында атқарылатын жұмыс жоспарын бекіту үшін жиналып отырғаны туралы сөз алды. Қамқоршылық кеңесінің соңғы отырысында қаралған 01.08.2018 – 30.09.2018 аралығындағы «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясының өткізілуін ұйымдастыру Қамқоршылық кеңесі бақылауында болатыны туралы, оған демеушілерді тарту арқылы жұмыстын ретін түсіндіріп өтті.

Сөйлеген: Кеңес мүшесі: Бержанова Н

Биылғы оқу жылының басталуына байланысты аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек көрсету және мектепке қажетті оқу құралдары мен мектеп формаларының болмауы салдарынан балалардың мектепке бармай қалуының алдын алу мақсатында Мөлтек аудандар бойынша рейдтер ұйымдастырып, күнкөрісі төмен отбасыларын анықтап алу керектігін ұсынды.

Сөйлеген: Кеңес төрайымы: С.Макина

Қамқоршылық кеңесте көп балалы, толық емес отбасы балаларына көмек көрсетуге ауыл азаматтарын, мектеп түлектерін, кәсіпкерлерін акцияға қатысуға шақырамыз керек. Ол үшін әр біреуіне жеке жолығып, акция туралы мәлімет беріп отыруымыз керек деп ойлаймын және осы ретте отырған кеңес мүшелері бір болып шешім шығарайық деген ойын жеткізді.

Сөйлеген: Кеңес мүшесі: М.Абелдинова

01.08.2019 – 30.09.2020 аралығындағы «Мектепке жол» жалпы республикалық акциясы өтуде. Акцияның негізгі мақсаты аз қамтылған және көп балалы отбасыларға көмек көрсету және мектепке көрнекі құралдар мен киімнің болмауы салдарынан балалардың мектепке бармай қалуының алдын алуда қайырымдылық таныттың, көмек беретін тұлғаларға мектептің әлеуметтік жүйелері арқылы шақыру керек деп ойлаймын. Мектеп бойынша «Мектепке жол» республикалық қайырымдылық акциясын өткізу жоспары құрылды. Мөлтек аудандар бойынша рейдтер жүргізілді. 3 - тоқсанға күн көрісі төмен отбасынан 27 бала тіркелді. Ата-ана құжаттары толығымен тапсырылды.











Сөйлеген: Кеңес төрайымы: С.Макина

Қамқоршылық кеңесте көпбалалы, толық емес отбасы балаларына көмек көрсетуге ауыл азаматтарын, мектеп түлектеріне, кәсіпкерлерге акцияға қатысуға шақыруымыз қажет. Осы қамқоршылық кеңесінің ұйымдастыруымен Бірінші қыркүйек күні ауылымыздың

«Сартай» Ш/Қ кәсіпкері С.Т. Жүнісов мектепті безендіруге және бастауыш сыныптың екі оқушысына оқу құралдарын алып берді. Сондай-ақ, Ақсу қаласының жеке кәсіпкері Р.М.Салахатдинова 3 жыл қатарынан белсенділік танытып, материалдық көмек көрсетіп отыр.

Шешім:

1. 2019-2020 оқу жылына Қамқоршылық кеңесінің құрамы мен жұмыс жоспары бекітілсін.
2. «Мектепке жол» акциясы аясында күнкөрісі төмен отбасыларға көмек көрсету жұмыстары жүргізілсін.
3. Мектепке дайын емес оқушылар анықталсын. Кеңес мүшелері қатыстырылсын.

Кеңес төрайымы:		С.Макина
Кеңес мүшесі		А.Рустемханова
Кеңес мүшесі		М.Масугутов (м.а)
Кеңес мүшесі		Б.Жумадилов
Кеңес мүшесі		Н.Жайлауова
Кеңес мүшесі		Ж.Байдильдина
Кеңес мүшесі		М.Абельдинова
Кеңес мүшесі		Р.Чиркова
Кеңес мүшесі		А.Алпамысова
Кеңес мүшесі		М.Аскарова